

DOI: <https://doi.org/10.47344/wttg5h19>

FTAMP: 10.23.47

Әлемдік тұтынушылық банкроттық модельдері мен Қазақстан Республикасының тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау

Камила Турганова^{1*}¹SDU University, Каскелең, Қазақстан*email: 251401003@sdu.edu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттық институтының қалыптасуы мен құқық қолдану практикасы салыстырмалы құқықтық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында 2023-2025 жылдар аралығындағы ашық статистикалық деректер, тұтынушылық банкроттыққа қатысты сот актілері және шетелдік құқықтық модельдер қарастырылды. Автор Қазақстандағы банкроттық институтына сұраныстың жоғары екенін, алайда сот банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерінің практикада бірдей тиімді жұмыс істемейтінін негіздейді. Сот істерін талдау банкрот деп тану туралы шешімнің негізгі өлшемі қарыз көлемі емес, борышкердің шынайы және тұрақты төлем қабілетсіздігін дәлелдеу екенін көрсетті. Сонымен бірге қаржы басқарушысының қорытындысы іс бойынша шешуші дәлелдердің біріне айналып отырғаны анықталды. Халықаралық тәжірибені салыстыру нәтижесінде Қазақстан үшін бірнеше маңызды бағыт айқындалды. Олардың қатарына қайта құрылымдау рәсімін күшейту, қаржы басқарушылары қызметін біріздендіру, формальды талаптарды шынайы қаржылық жағдаймен үйлестіре қолдану және рәсімдерді кезең-кезеңімен жетілдіру жатады. Зерттеу қорытындысы тұтынушылық банкроттық институтын әлеуметтік тұрғыдан әділетті, құқықтық тұрғыдан тұрақты және практикалық тұрғыдан тиімді ету үшін аралас модель қажет екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, тұтынушылық банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сот практикасы, салыстырмалы құқықтық талдау, қаржы басқарушысы.

Кіріспе

Берешек пен кредитор алдындағы міндеттемелер ұғымы ғасырлар бойы қалыптасқанына қарамастан, тұтынушылар банкроттық институты жаңа құқықтық құбылыс болып саналады. Тұрғындардың несие алуының артуы мен қаржылық қиындықпен бетпе-бет келген адамдардың санының өсуіне байланысты бұл процесс жылдар өте келе әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесінде кеңінен қолданыла бастады. Осыған орай, көптеген мемлекеттердің жазалау шаралары, бас бостандығынан айыру секілді қатаң жазалау шараларын қолданбай, адал ниетті борышкерлерді оңалту мен олардың әлеуметтік интеграциясы үшін заманауи құқықтық тетіктерге көшті (Nazarkulova, Bayandina, & Seifullina, 2025). Бұл жағдай тұтынушылық қарыздық жүктеменің өсуі мен әлеуметтік тәуекелдердің күшеюі жағдайында тұтынушылық банкроттық институтының өзектілігін айқындайды.

Тұтынушылардың төлем қабілетсіздігін реттеу туралы заң 21 ғасырдың басында көптеген өзгерістерден өтті, несие берушілерді қорғауға басымдық берудің орнына қарыздық жүктемені азайтуға бағытталған тетіктерді көбірек енгізе бастады. Осыған орай,

докториналарда әлемдік тұтынушылық банкроттықты реттейтін екі негізгі модель кеңінен қолданылды.

Америка Құрама Штаттары мысал бола алатын ағылшын-американдық модель қарызды өтеуді борышкердің әлеуметтік сақтандыру нысаны ретінде қарастыратын "жаңа бастама" (fresh start) философиясының басымдығымен сипатталады. Америка Құрама Штаттарындағы 1898 жылғы Банкроттық туралы заң (Bankruptcy Act of 1898) борышкерлерді қолдау дәуірінің бастауы болды, уақыт өте келе ол қолданыстағы Банкроттық Кодексімен алмастырылған болатын. Ұлыбританияда (Англия мен Уэльсте) 2002 жылғы Кәсіпкерлік актіне (Enterprise Act 2002) сәйкес енгізілген банкроттық реформалары жеке тұлғалардың банкроттығында қарыздарды автоматты түрде кешіру (automatic discharge) жүйесін енгізді. Бұл жүйе борышкерлердің борышкердің адал мінез-құлқы жағдайында банкроттық жарияланғаннан кейін 12 айдан соң қарыздардың негізгі бөлігін кешіруді көздейді. Бұл реформа борышкерлерге "екінші мүмкіндік" беру мақсатында енгізілгенімен, ағылшын жүйесі қоғамдық мүддені және кредиторлардың құқықтарын қорғауды да ескереді. Сондықтан толық автоматты кешіру әрқашан қолданылмайды. Борышкердің мінез-құлқы адалдық қағидасына (мысалы, қарыз алу алдындағы жауапкершіліксіздік, активтерді жасыру) сәйкес келмесе, кешіру кейінге шегеріледі немесе шартты түрде жүзеге асады.

Ал, Континенталды модельге келетін болсақ, борышкер мен кредитор арасындағы қарызды қайта құрылымдау рәсімдеріне ерекше назар аударады және қарызды кезең кезеңімен өтеуге басымдылық беріледі. Германия мен Швеция сияқты елдерде қолданылатын бұл модель "қарызды реттеу" (debt adjustment) немесе "тұтынушылық банкроттық" (Verbraucherinsolvenz) жүйесін басым етеді, мұнда борышкерлердің қарыздарын біржола кешіру сирек кездеседі. Американдық қарыздарды жедел кешіру жүйесінен айырмашылығы, Германияның Төлем қабілетсіздігі туралы кодексі (Insolvenzordnung) борышкер үшін бірнеше жылға созылатын «тиісті мінез-құлық кезеңін» (Wohlverhaltensperiode) көздейді, осы кезең ішінде борышкер адал мінез-құлық танытып, өз міндеттемелерін тиісінше орындауға міндетті.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында тұтынушылық кредиттік жүктемесінің өсуі тұтынушылық банкроттық институтын құқықтық тұрғыдан енгізу қажеттігін айқын көрсетті. Осыған байланысты 2022 жылғы 30 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң қабылданып, 2023 жылғы 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді. Аталған заң азаматтарға соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сияқты бірнеше рәсім арқылы қарыз мәселесін заңды түрде шешуге мүмкіндік берді. **Бұл тақырыптың өзектілігі** заңның қабылдануымен ғана емес, оның қоғамда жоғары сұранысқа ие болуымен де байланысты.

Мақаланың негізгі зерттеу мәселесі Қазақстандағы тұтынушылық банкроттық институтының құқық қолдану практикасы қаншалықты тиімді жұмыс істеп отыр деген сұраққа келіп тіреледі. Осыған байланысты **зерттеудің басты мақсаты** Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттықтың сот және соттан тыс практикасын шетелдік модельдермен салыстыра отырып талдау және оның негізгі мәселелері мен жетілдіру бағыттарын анықтау болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бірнеше өзара байланысты аспектімен айқындалады. Біріншіден, Қазақстандағы тұтынушылық банкроттық институтының құқық қолдану практикасы 2023 жылғы Заң қолданысқа енгізілгеннен бері жүйелі сот істерін талдау арқылы зерттелді. Екіншіден, ҚР заңнамасын сегіз юрисдикциямен (АҚШ, Германия, Польша, Оңтүстік Корея, Қытай, Сингапур, Ресей, Өзбекстан) салыстыратын кешенді салыстырмалы

зерттеу отандық ғылымда жүзеге асырылмаған. Үшіншіден, салыстырмалы талдау негізінде Қазақстан моделінің институтты жетілдірудің ғылыми негізделген бағыттары ұсынылады.

Зерттеу гипотезасы Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттық моделі заңнамалық жіктеу бойынша гибриді сипатқа ие болғанымен, сот практикасының талдауы оның рәсімдік қатандығы мен формальды критерийлерге бағыттылығы жағынан ағылшын-американдық «fresh start» философиясынан гөрі континенталдық модельге жақын екенін дәлелдейді.

Қазақстанда тұтынушылық банкроттық институты қоғам үшін қажетті құқықтық тетікке айналды, алайда оның қазіргі моделі әлі толық қалыптастырмаған. Әсіресе сот банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерінің арақатынасы, қаржы басқарушысының қорытындысына тәуелділік және формальды талаптардың қатаң қолданылуы құқық қолдану практикасының өзекті мәселелері ретінде көрінеді.

Зерттеу барысында салыстырмалы құқықтық талдау, формальды құқықтық талдау, статистикалық шолу және сот практикасын мазмұндық талдау *әдістері* қолданылды. Теориялық негіз ретінде тұтынушылық банкроттықтың шетелдік модельдері алынды. Атап айтқанда, АҚШ, Сингапур, Германия, Польша, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей және Өзбекстан тәжірибелері қарастырылды. Бұл модельдер борышкерді қорғау, кредитор мүддесін сақтау және рәсімдерді ұйымдастыру мәселелерін әртүрлі шешетіндіктен, Қазақстан заңын бағалау үшін маңызды салыстырмалы база береді.

Мақала құрылымы бірнеше өзара байланысты бөлімнен тұрады. Алдымен Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттықтың статистикалық динамикасы талданады. Одан кейін нақты сот кейстері негізінде құқық қолдану практикасының ерекшеліктері қарастырылады. Бұдан соң шетелдік құқықтық модельдермен салыстырмалы талдау жасалып, Қазақстан үшін қолайлы шешімдер айқындалады. Соңғы бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, институтты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар беріледі.

Әдебиеттерге шолу

Тұтынушылық банкроттық мәселесі бүгінгі таңда тек қаржылық қиындыққа тап болған азаматтың жеке мәселесі ретінде ғана емес, сонымен бірге құқықтық, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі институт ретінде қарастырылады. Бұл тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, азаматтың шамадан тыс қарыз жүктемесінен шығу жолын табуымен, кредиторлардың құқықтарын қорғаумен және мемлекет тарапынан тиімді құқықтық тетіктер қалыптастырумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Әлемдік тұтынушылық банкроттық модельдері мен Қазақстан Республикасының тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбы қазіргі құқық ғылымы үшін де, құқық қолдану практикасы үшін де маңызды зерттеу бағыты болып табылады. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бұл мәселе шетелдік ғылымда әлдеқайда ертерек зерттеле бастаса, Қазақстанда аталған институтқа деген ғылыми қызығушылық негізінен соңғы жылдары ғана күшейді.

Тұтынушылық банкроттықтың теориялық негіздерін түсіндіретін классикалық еңбектердің бірі ретінде Т. Н. Jackson-ның зерттеуі қарастырылады. Автор банкроттық құқығындағы *fresh start*, яғни борышкерге «жаңа қаржылық бастау» беру идеясын негізгі қағидалардың бірі ретінде бағалайды (Jackson, 1985). Бұл көзқарас бойынша, борышкерді өмір бойы қарыз қысымында қалдыру құқықтық мемлекет қағидаттарына да, экономикалық айналымның тиімділігіне де сай келмейді. Сондықтан банкроттық институтының мақсаты тек

қарызды өндіріп алу емес, сонымен бірге адал борышкерді қайтадан қалыпты экономикалық өмірге қайтару болып табылады. Бұл идея кейінгі көптеген еңбектерге теориялық негіз болды.

Алайда барлық елдер тұтынушылық банкроттықты бірдей түсінбейді. Мысалы, неміс құқықтық доктринасында бұл мәселе анағұрлым қатаң және жүйелі түрде қарастырылады. R. Bork (2020) еңбегінде банкроттық тек борыштан босату рәсімі емес, сонымен қатар мүлктік жағдайды анықтау, кредиторлар талаптарының кезектілігін сақтау, борышкердің адалдығын тексеру және рәсімдердің құқықтық тәртібін қадағалау жүйесі ретінде сипатталады. Яғни неміс моделінде «жаңа бастау» идеясынан бұрын құқықтық тәртіп пен рәсімдік айқындық алдыңғы орынға шығады. Бұл еңбектер зерттеу үшін маңызды, себебі олар тұтынушылық банкроттықтың тек әлеуметтік жеңілдік емес, толыққанды құқықтық механизм екенін дәлелдейді.

Салыстырмалы-құқықтық бағыттағы зерттеулердің ішінде В. В. Королев пен А. Ю. Чупрова (2007) еңбегі назар аудартады. Авторлар АҚШ пен Ұлыбритания заңнамасын салыстыра отырып, тұтынушылық банкроттықтың әр елде әртүрлі құқықтық философияға сүйенетінін көрсетеді. АҚШ моделінде борышкерге екінші мүмкіндік беру басым болса, Ұлыбританияда бақылау мен тәртіпке көбірек мән беріледі. Ал О. Б. Сиземова, А. В. Пчелкин және А. М. Мамаков (2018) Ресей мен АҚШ заңнамасын салыстыра отырып, жеке тұлғалардың банкроттығы саласындағы құқықтық тәсілдердің айырмашылығын ашады. Олардың зерттеуінде ерекше мән берілетін тұс, борышкердің адалдығы мен оның төлем қабілетсіздігіне алып келген себептерді ескеру қажеттігі болып табылады. Бұл, шын мәнінде, қазіргі көптеген құқықтық жүйелер үшін маңызды өлшем болып отыр.

Шетелдік зерттеулер тұтынушылық банкроттықтың тек жалпы теориясын ғана емес, нақты реформалар мен олардың салдарын да талдайды. Мысалы, M. Maśnicka мен J. Krucalak-Jankowska (2022) Польшадағы тұтынушылық банкроттық реформасын қарастырып, заңнаманың біртіндеп либералданғанын көрсетеді. Авторлардың пікірінше, бұл өзгерістер борышкерлерге рәсімге қолжетімділікті арттырғанымен, сонымен қатар сот практикасына қосымша салмақ түсірген. Яғни заңнаманы жұмсарту әрдайым оң нәтиже береді деу дұрыс емес; кей жағдайда ол жаңа құқық қолдану қиындықтарын тудыруы мүмкін. Бұл қорытынды Қазақстан үшін де өзекті, өйткені жаңа институтты енгізу тек заң қабылдаумен шектелмейді, оны тиімді іске асыратын практика да қажет.

Америкалық құқықтағы қазіргі үрдістерді көрсететін S. F. Norberg (2025) зерттеуі де назар аударуға тұрарлық. Автор АҚШ Жоғарғы Сотының тұтынушылық банкроттық істерінде қарыздарды есептен шығару мәселесіне қатысты ұстанымдарын талдай отырып, соттардың жалпы гуманистік идеядан гөрі заң мәтінін нақты түсіндіруге көбірек сүйенетінін көрсетеді. Бұл тұжырым тұтынушылық банкроттықтың қазіргі кезеңде тек әлеуметтік әділеттілік емес, дәл құқықтық интерпретация мәселесі екенін аңғартады. Ал F. Nagel (2024) тұтынушылық банкроттықтағы аудит мәселелерін көтеріп, борышкердің мәліметтерін тексеру мен рәсімнің ашықтығын қамтамасыз ету жүйесінің маңызды екенін негіздейді. Мұндай еңбектер зерттеу үшін құнды, себебі олар борышкерді қорғау мен теріс пайдаланушылықтың алдын алу арасындағы тепе-теңдікті түсінуге көмектеседі.

Жаңа құқықтық сын-қатерлерге арналған еңбектер де тұтынушылық банкроттық институтының аясын кеңейте түседі. Мысалы, S. Odintsov пен M. Gribovskaya (2025) Австралия тәжірибесі негізінде жеке банкроттықтағы цифрлық активтер мәселесін зерттейді. Авторлар қазіргі жағдайда азаматтың мүлкін анықтау дәстүрлі активтермен ғана шектелмейтінін, цифрлық активтерді есепке алу мен бағалау жаңа құқықтық мәселелер тудыратынын көрсетеді. Ал S. Madaus, J. P. Sarra және I. Mevorach (2024) банкроттық жүйесінің

экологиялық және қоғамдық мүдделермен байланысын көтеріп, insolvency law-дың даму бағыты енді тек борышкер мен кредитор қатынасымен шектелмейтінін дәлелдейді.

Қазақстандық құқық ғылымында тұтынушылық банкроттық институты салыстырмалы түрде жаңа зерттеу нысаны болып табылады. Осы бағыттағы маңызды жұмыстардың бірі – Л. Т. Назаркулова, М. О. Баяндина және А. Б. Сейфуллина (2025) еңбектерін атап өтуге болады. Авторлар Қазақстан Республикасының азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңның алғашқы қолданылу қадамдарын, туындаған мәселелерді және оларды шешу жолдарын талдайды. Бұл зерттеудің құндылығы сол, онда заңның теориялық мазмұны ғана емес, алғашқы тәжірибелік нәтижелері де көрсетіледі. Авторлар рәсімдердің толық тиімді жұмыс істемеу себептерін, құқық қолданудағы алғашқы қиындықтарды және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінің әлеуетін ашады. Бұл еңбек Қазақстандағы осы институтты түсінуде негізгі ғылыми тіректердің бірі болып саналады.

Бұл тұрғыда Қазақстандағы банкроттық құқығы саласында М. А. Естемировтың еңбектерін де атап өту орынды. Автордың зерттеулерінде банкроттық рәсімін құқықтық реттеудің жекелеген қырлары мен оның практикалық аспектілері кеңінен қарастырылған (Естемиров, 2022; Yestemirov, 2022). Сонымен қатар сот практикасындағы бірізділік мәселесі де автордың назарынан тыс қалмаған (Естеміров, 2021). Алайда аталған зерттеулерде негізінен заңды тұлғалардың банкроттығына қатысты мәселелер басымырақ қарастырылғанын атап өту керек. Жеке тұлғалардың, яғни тұтынушылардың банкроттығы Қазақстан ғылыми әдебиетінде бұрын өте сирек зерттеу нысанына айналған, бұл мәселені арнайы зерделеудің қажеттілігін одан да айқын көрсетеді.

Г. Б. Меирбекова, К. Ю. Шаповалова және Алина Мысабай (2025) еңбегінде жеке тұлғалардың банкроттығы Қазақстан құқығының жаңа институты ретінде қарастырылады. Авторлар мәселені жалпы құқықтық тұрғыдан сипаттап, оның құқық жүйесіндегі орнын айқындауға ұмтылады. Бұл жұмыс тақырыпқа кіріспе сипатындағы ғылыми еңбек ретінде пайдалы, бірақ онда сот практикасын терең талдау жеткіліксіз. Ал 2023 жылғы ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында да заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру мәселелері қозғалғанымен, ол арнайы тұтынушылық банкроттық институтын кешенді түрде зерттейтін еңбек деңгейіне жете бермейді. Соған қарамастан, бұл материалдар Қазақстанда осы институтқа деген кәсіби және ғылыми қызығушылықтың қалыптасқанын көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер тұтынушылық банкроттықтың теориялық негіздерін, шетелдік реформаларды және жекелеген ұлттық модельдерді жан-жақты талдаса да, олардың басым бөлігі Қазақстан Республикасының заңын іс жүзіндегі сот практикасы тұрғысынан зерделеменген. Отандық зерттеулерде институттың теориялық сипаттамасы басым, ал нақты сот актілерін мазмұндық талдау арқылы жүргізілген эмпирикалық зерттеу бүгінге дейін жүзеге асырылмаған. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми әдебиетте де жеке тұлғалардың банкроттығы көбіне заңды тұлғалармен бірге немесе жалпы төлем қабілетсіздігі институтының бөлігі ретінде қарастырылады. Тұтынушылық банкроттықты жеке тұлғаларға арналған дербес институт ретінде жүйелі зерттейтін еңбектер отандық ғылымда да салыстырмалы түрде аз. Аталған зерттеу олқылықтарын толтыру осы мақаланың негізгі ғылыми міндеті болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасы бірнеше өзара байланысты кезеңнен тұрды:

1) бірінші кезеңде Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттыққа қатысты нормативтік база іріктеліп, негізгі құқықтық акт ретінде «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң талданды.

2) екінші кезеңде 2023–2025 жылдар аралығындағы статистикалық деректер жиналды. Деректер тек ресми дереккөздерден-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің және Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ресми жарияланымдарынан алынды. Аталған кезең іріктелуінің негізі-заңның 2023 жылғы 3 наурыздан қолданысқа енгізілуі, яғни деректер институттың толық бірінші және екінші жылын қамтиды. Статистикалық деректердің репрезентативтілігі олардың уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан ресми жарияланғанымен қамтамасыз етіледі және бұл деректер барлық рәсім түрлері бойынша жалпыұлттық көрсеткіштерді қамтиды.

3) үшінші кезеңде тұтынушылық банкроттыққа қатысты сот актілері таңдалып, олардың мазмұны жүйеленді. Зерттеудің эмпирикалық негізін қалыптастыру үшін ашық дереккөздерде қолжетімді сот актілері жүйелі түрде іріктелді. Алғашқы қарауда 40-тан астам сот шешімі мен ұйғарымы зерделенді. Іріктеу сот арқылы банкроттық рәсімімен шектелді, өйткені зерттеу кезеңінде соттан тыс банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері бойынша жарияланған сот актілері жеткіліксіз болды. Бұл шектеу зерттеудің өзіндік шекарасы ретінде танылады және болашақ зерттеулерде толықтырылуы тиіс. Мазмұндық талдауға 5 іс іріктелді. Іріктеу кезінде мынадай критерийлер басшылыққа алынды: біріншіден, шешімнің нәтижесі бойынша- арыздар қанағаттандырылған және қанағаттандырылмаған істер бірдей қамтылды, бұл сот практикасының екі бағытын да бейнелеуге мүмкіндік берді; екіншіден, соттың уәжінің мазмұны бойынша- борышкердің төлем қабілетсіздігін бағалау өлшемдерін, қаржы басқарушысының рөлін және рәсімдік талаптардың сақталуын айқын көрсететін істерге басымдық берілді; үшіншіден, іс жүргізу сатысы бойынша- бірінші саты мен апелляциялық саты шешімдері қатар іріктелді, бұл заңның бірізді қолданылу дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді. Осы критерийлер бойынша мазмұндық қайталануға алып келген қалған істер іріктелмеді. Іріктелген 5 іс сот практикасының сапалық тенденцияларын айқындауға бағытталған мақсатты іріктеме (purposive sampling) қағидатына сәйкес таңдалды.

Зерттеуде негізгі құралдар ретінде нормативтік құжаттарды талдау, статистикалық мәліметтерді салыстыру және кейстік талдау қолданылды. Сот істері мазмұндық талдау әдісі арқылы зерттелді. Бұл әдіс борышкердің төлем қабілетсіздігін бағалауда соттардың қандай өлшемдерге сүйенетінін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар салыстырмалы құқықтық әдіс арқылы Қазақстан моделі АҚШ, Сингапур, Германия, Польша, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей және Өзбекстан тәжірибелерімен салыстырылды. Деректерді талдау барысында сапалық интерпретация басым болды. Яғни зерттеу тек сандық көрсеткіштерді сипаттаумен шектелмей, олардың құқықтық мазмұны мен практикалық салдарын ашуға бағытталды.

Зерттеу нәтижелері

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттық институтының қалыптасу кезеңінде екенін, алайда оның құқық қолдану практикасы біртіндеп жүйеленіп келе жатқанын көрсетті. 2023–2025 жылдар аралығындағы статистикалық деректер

мен сот істерін талдау бұл институттың қоғамда жоғары сұранысқа ие екенін дәлелдейді. Өтініштер санының жыл сайын артуы азаматтардың қарыз жүктемесінің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар заңмен ұсынылған рәсімдердің нақты қолданылып жатқанын көрсетеді.

Сот практикасын талдау нәтижесінде банкроттық туралы шешім қабылдауда негізгі өлшем қарыз көлемі емес, борышкердің шынайы және тұрақты төлем қабілетсіздігін дәлелдеу екені анықталды. Көптеген істерде соттар борышкердің табыс көздерін, мүліктік жағдайын, төлем тарихын және заңда белгіленген рәсімдік талаптардың сақталуын жан-жақты бағалайды. Егер борышкер заң талаптарының кем дегенде бірін орындамаса (мысалы, соңғы 12 ай ішінде төлем жасаған болса), банкроттықтан бас тарту тәжірибесі қалыптасқан.

Зерттеу барысында тағы бір маңызды үрдіс анықталды, атап айтқанда, қаржы басқарушысының қорытындысы шешуші рөл атқаратыны айқындалды. Соттар көп жағдайда борышкердің төлем қабілетсіздігі туралы қорытындыны негізгі дәлелдердің бірі ретінде қабылдайды. Бұл өз кезегінде қаржы басқарушысы институтының маңызын арттырып, оның қызметін біріздендіру қажеттігін көрсетеді.

Maśnicka & Krucalak-Jankowska (2022) Польшадағы реформалардың алғашқы кезеңінде формальды рәсімдік талаптардың қатаң қолданылуы сот жүктемесін арттырып, кейбір дәрменсіз борышкерлерді рәсімнен тыс қалдырғанын көрсеткен. Осыған ұқсас үрдіс қарастырылған ҚР сот кейстерінде де байқалды: он екі айлық төлемсіздік шартының формальды бұзылуы (Н.М.Т. ісі-6479 теңгелік салық төлемі) банкроттыққа нақты дәрменсіз борышкерлердің жолын кесуі мүмкін. Kilborn (2023) ҚР мен Өзбекстан заңнамасын салыстыра отырып, постсоветтік кеңістікте жаңа тұтынушылық банкроттық институттарының ортақ сипаттамасы ретінде рәсімдік бақылаудың борышкерді қорғаудан басым болуын атап өтті. Осы зерттеудің қорытындылары аталған бағалауды сот практикасы деңгейінде растайды: ҚР соттары борышкердің «шынайы дәрменсіздігін» субъективтік мәлімдеме ретінде емес, объективті дәлелденуге тиіс заңдық факт ретінде қабылдайды, яғни бұл Ramsay (2017) «континенталдық моделдің ерекшелігі» деп сипаттаған нормативтік бақылау тетігімен сәйкес келеді. Сонымен бірге ҚР тәжірибесі Оңтүстік Корея DRBA моделінен айтарлықтай ерекшеленеді: Кореяда «кемсітушілікке қарсы ереже» (Kim, 2023) банкрот мәртебесінің әлеуметтік стигмасын азайтса, ҚР-да мұндай арнайы норма жоқ, ал банкрот мәртебесінің 5 жылдық несиелік шектеуі борышкердің экономикалық реинтеграциясын баяулатуы мүмкін деген қосымша зерттеуді қажет ететін мәселе болып қала береді.

Салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелері Қазақстан моделінің толық қалыптаспағанын, бірақ оның аралас (гибридті) модельге жақын екенін көрсетті. Бір жағынан, заңда борышкерге “жаңа қаржылық бастау”(fresh start) беру элементтері бар, екінші жағынан, рәсімдік талаптардың қатаңдығы континенталдық модельге тән ерекшеліктерді көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан үшін тиімді бағыт ретінде шетелдік тәжірибенің жекелеген элементтерін біріктіру қажеттігі айқындалды. Атап айтқанда:

- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру механизмдерінің қолжетімділігін арттыру;
- қаржы басқарушылары қызметін жетілдіру;
- формальды талаптарды борышкердің нақты қаржылық жағдайымен үйлестіру.

Жалпы алғанда, зерттеу тұтынушылық банкроттық институтының Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы жоғары, бірақ әлі де жетілдіруді қажет ететін құқықтық механизм екенін көрсетті.

Талқылау

Қазақстан Республикасында тұтынушылық банкроттық институты азаматтардың шамадан тыс борыштық жүктемесін құқықтық жолмен реттеуге арналған жаңа тетік ретінде қалыптасты. Бұл саланы реттейтін негізгі нормативтік акт 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған №178-VII «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң. Аталған заң 2023 жылғы 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді. Осы кезден бастап азаматтар өздерінің қаржылық жағдайына қарай соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін қолдануға өтініш бере алды. Заңның құқықтық маңызы оның азаматтың қарыз мәселесін бір ғана мәжбүрлеп өндіру шеңберінде емес, қайта құрылымдау, құқықтық қорғау және бақылау тетіктерімен бірге қарастыруында болып табылады. Бұл заңның қабылдануына кездейсоқ емес, нақты әлеуметтік-экономикалық алғышарттар әсер етті. Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми түсіндірмесінде Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қаңтарда жеке тұлғаларды банкрот деп тануды көздейтін заң жобасын әзірлеуді тапсырғаны көрсетілген. Сол түсіндірмеде заң жобасын әзірлеудің басты себебі ретінде халықтың шамадан тыс кредиттік ауыртпалығы және азаматтардың едәуір бөлігінің қаржылық жағдайының нашарлауы аталады. Яғни мәселе жекелеген борышкерлердің емес, кең ауқымды әлеуметтік топтардың төлем қабілеттілігінің әлсіреуінде болды. Осы тұрғыдан қарағанда, тұтынушылық банкроттық туралы заң борышкерді жазалау үшін емес, борыштық дағдарысты құқықтық өрісте басқару үшін қабылданғанын көруге болады.

Заңның құрылымына назар аударсақ, онда азаматтардың қарыз мәселесін шешудің үш түрлі рәсімі көзделген. Біріншісі – соттан тыс банкроттық, екіншісі – сот арқылы банкроттығы, үшіншісі – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Бұл жіктеу заң шығарушының барлық борышкерлерді бірдей жағдайда қарастырмағанын білдіреді. Мысалы, бір азаматтың қарызы толық дәрменсіздік жағдайына жеткізсе, басқа азаматта тұрақты табыс сақталуы мүмкін, бірақ қарызды қайта құрылымдау қажет болады. Сондықтан заң бір ғана «банкрот деп тану» моделіне сүйенбей, азаматтың нақты қаржылық ахуалына қарай сараланған құқықтық тәсіл ұсынады. Мұндай модель құқықтық реттеудің икемділігін күшейтеді және қарыз мәселесін тек жазалау немесе өндіріп алу тұрғысынан емес, қалпына келтіру тұрғысынан да қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталған заң азаматтардың өмірін қалай жеңілдетті деген сұраққа жауап бергенде, ең алдымен оның борышкерге «қаржылық қайта бастау» мүмкіндігін бергенін атап өткен жөн. 2023 жылғы наурыздан бастап 2024 жылдың басына дейін мемлекеттік кірістер органдары 80 мыңнан астам өтініш қабылдап, 8 986 азаматты 16,7 млрд теңгеден астам қарыз бойынша банкрот деп таныды (Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті, 2024). 2024 жылдың өзінде 83 057 өтініш түсіп, 11 654 азаматқа банкроттық қолданылып, 97 млрд теңгеден астам қарыз есептен шығарылды (ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, 2025). Ал 2025 жылғы 1 шілдедегі дерек бойынша мемлекеттік кірістер органдары арқылы 28,4 мың азамат, сот шешімі арқылы 196 азамат банкрот деп танылған, ал міндеттемелердің жалпы сомасы 147,1 млрд теңгеге жеткен (ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, 2025). Бұл сандар заңның формальды құжат күйінде қалмай, нақты мыңдаған азаматтың борыштық қысымын азайту құралына айналғанын көрсетеді. Сонымен бірге бұл заң тек «қарызды кешіру» тетігі емес екенін де ескеру қажет. Оның енгізілуі азаматтардың жағдайын белгілі бір дәрежеде жеңілдеткенімен, банкроттық мәртебесінің өз салдары бар. «Банкрот»

мәртебесін алған тұлға 5 жыл ішінде жаңа несие ала алмайды, қайта банкроттық рәсімін тек 7 жылдан кейін ғана қолдана алады, ал оның қаржылық жағдайы 3 жыл бойы бақылауда болады. Бұдан бөлек, алимент, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу және кейбір өзге міндеттемелер мұндай рәсіммен тоқтатылмайды. Демек, заң азаматқа толық әрі шексіз еркіндік бермейді, керісінше, ол қарыздан шығудың заңды жолын ұсына отырып, қаржылық тәртіп пен жауапкершілікті де сақтайды. Сондықтан бұл институт борышкер үшін жеңілдік пен шектеудің қатар жүретін аралас моделін білдіреді.

Бұрын борышкерге қатысты негізгі құрал атқарушылық іс жүргізу, шоттарды бұғаттау, мүлікке тыйым салу және өндіріп алу шаралары болса, жаңа заң бұл механизмдерді толықтыратын арнайы рәсімдік арнаны қалыптастырды. Енді азамат белгілі бір талаптарға сәйкес келсе, қарызды жай ғана кейінге шегермей, оны құқықтық тәртіппен қайта құрылымдауға немесе банкроттық рәсімі арқылы шешуге ұмтыла алады. Мұның өзі атқарушылық өндірістің шексіз жалғасуы мен әлеуметтік шиеленістің күшеюін шектеуге ықпал етеді. Сол себепті бұл заңды тек борышкердің мүддесін қорғайтын құжат ретінде емес, сонымен бірге кредитор, мемлекет және сот жүйесі арасындағы қатынастарды жаңа тәртіпке келтірген кешенді құқықтық акт ретінде бағалау орынды.

Қазақстан Республикасында азаматты сот арқылы банкрот деп тану немесе оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану белгілі бір заңдық шарттар сақталған кезде ғана мүмкін болады. Бұл талаптар банкроттық институтын кез келген қарыз жағдайында емес, тек шынайы және тұрақты төлем қабілетсіздік орын алған кезде қолдануға бағытталған. Заңнамалық тұрғыдан мұндай шарттар борышкердің қаржылық жағдайын объективті бағалауға, кредиторлардың құқықтарын қорғауға және рәсімді теріс пайдалану тәуекелін шектеуге қызмет етеді. Осыған байланысты Қазақстандағы банкроттық рәсімінің негізгі алғышарттарын үш өзара байланысты бағытта қарастыру орынды болып табылады.

1. Міндеттемелер көлемінің заңда белгіленген шектен асуы. Қолданыстағы тәртіп бойынша сот банкроттығы немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін бастау үшін міндеттемелер көлемі өтініш берілген күнгі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 1600 айлық есептік көрсеткіштен асуға тиіс. Бұл талап банкроттық рәсімін ұсақ немесе уақытша берешек жағдайларынан ажыратып, оны тек елеулі қарыз жүктемесі бар тұлғаларға қолдануға мүмкіндік береді.

2. Міндеттемелердің ұзақ уақыт бойы өтелмеуі және алдын ала реттеу рәсімдерінің жүргізілуі. Бұл талап төлем қабілетсіздіктің кездейсоқ немесе қысқа мерзімді емес, тұрақты сипат алғанын дәлелдеуге бағытталған. Сонымен бірге, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша борышкерге қатысты қарызды реттеу және не өндіріп алу рәсімдері алдын ала жүргізілуге тиіс. Заң мұндай шаралардың мерзімі мерзімі өткен берешек туындаған сәттен бастап он сегіз айдан аспауға тиіс екенін көрсетеді.

3. Рәсімді қайта қолдануға қойылатын шектеу және борышкердің құқықтық адалдығы. Бұл норма банкроттық институтын қайталама және жүйесіз пайдаланудың алдын алуға бағытталған. Оның құқықтық мәні – азаматқа банкроттық мәртебесін шексіз және жиі қолдануға жол бермеу, яғни рәсімнің әлеуметтік-құқықтық теңгерімін сақтау.

Кесте 1.

Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттықтың 2023-2025 жылдардағы көрсеткіштері

Жыл	Құқықтық мәртебе	Өтініштер саны	Нәтиже	Сома
2023	Институттың алғашқы қолданылу кезеңі (2023 жылғы 3 наурыздан кейінгі бірінші толқын)	80 мыңнан астам электрондық өтініш	8 986 азамат банкрот деп танылған	16,7 млрд теңгеден астам қарыз
2024	2024 жылдың ресми жылдық қорытындысы	83 057 өтініш	11 654 азаматқа банкроттық қолданылып, қарыздары есептен шығарылған	97 млрд теңгеден астам
2025	Ашық дереккөздердегі соңғы ресми кесінділер: 5 ай 2025 және 2025 жылғы 1 шілде	77 106 өтініш (5 айда); 270 мыңнан астам өтініш (заң іске қосылғалы жиынтық)	34 мың азамат ресми банкрот мәртебесін алған (2025 жылғы 1 шілдедегі жиынтық); оның ішінде 225 азамат сот тәртібімен банкрот деп танылған	Міндеттемелердің жиынтық сомасы 147,1 млрд теңге; төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі 103 азаматқа қолданылған, оның 8 жоспары бекітілген

Ескерту. Автор құрастырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті деректері негізінде (2023–2025).

Статистика тұтынушылық банкроттыққа сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. 2023 жылы 80 мыңнан астам өтініш түсіп, 8 986 азамат банкрот деп танылып, 16,7 млрд теңгеден астам қарыз есептен шығарылған (Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті, 2024). 2024 жылы өтініш саны 83 057-ге жетіп, 11 654 азаматқа банкроттық қолданылып, 97 млрд теңгеден астам қарыз жойылған (ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, 2025). 2025 жылы 5 айда 77 106 өтініш түсіп, 1 шілдеге қарай 34 мың азамат банкрот мәртебесін алған, берешек көлемі 147,1 млрд теңгеге жеткен (ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті, 2025). Бұл институттың Қазақстанда біртіндеп кең қолданысқа еніп жатқанын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасында тұтынушылық банкроттық институтының алғашқы бірнеше жылдағы дамуын статистикалық мәліметтермен және сот практикасының мазмұнымен қатар қарастырғанда, бұл тетіктің қоғамда жоғары сұранысқа ие болғанымен, оны қолдану шеңбері әлі де қатаң құқықтық сүзгілер арқылы айқындалып отырғаны байқалады. Осыған байланысты тұтынушылық банкроттық саласындағы мәселелерді тек статистикалық өсім арқылы емес, оның ішкі құрылымы, құқық қолдану ерекшеліктері және рәсімдердің тиімділігі арқылы бағалау қажет.

Тұтынушылық банкроттық институтының құқық қолдану практикасын талдау қазіргі кезеңде бұл тетіктің формальды түрде ғана енгізіліп қоймай, нақты сот тәжірибесінде қандай мазмұнға ие болып отырғанын түсінуге мүмкіндік береді. Азаматтардың төлем қабілеттілігін

қалпына келтіру және банкроттығы туралы заң қабылданғаннан кейін соттар борышкердің құқықтық мәртебесін анықтауда тек қарыз сомасына сүйенбей, оның қаржылық жағдайын, табыс көздерін, мүлкінің болуын немесе болмауын, міндеттемелерді орындау тарихын және рәсімдік талаптардың сақталуын жан-жақты бағалай бастады.

Кесте 2.

Қазақстан Республикасындағы тұтынушылық банкроттық туралы сот істерінің құқық қолдану практикасы

№	Іс атауы	Мәні	Іс жүргізу сатысы	Сот шешімі	Заң
1	Т.Е.Б. ісі	Борышкердің бірнеше кредитор алдындағы берешегі 10 146 447,83 теңге болған. Тұрақты табысы мен активтері жоқ, қаржы басқарушысының қорытындысы бойынша борышкер төлем қабілетсіз деп танылған.	Бірінші саты, сот банкроттығын қолдану туралы арыз	Арыз қанағаттандырылды. Борышкерге қатысты сот банкроттығы рәсімі қолданылып, оның мерзімі 3 ай болып белгіленді.	ҚР Заңы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы»: 6, 20, 22, 24, 36, 37-баптар; ҚР АПК: 196, 223-226, 243, 279-баптар
2	Б.С.П. ісі	Өтініш беруші Kaspi Bank алдындағы міндеттеме бойынша 2023 жылғы желтоқсанда төлем жасаған, осыған байланысты заңда көзделген он екі ай қатарынан төлем жасамау шарты сақталмаған.	Апелляциялық саты, жеке шағым	Бірінші саты сотының ұйғарымы өзгеріссіз қалдырылды, жеке шағым қанағаттандырылмады.	Аталған Заңның 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы; ҚР АПК 429-бабы
3	А.Г.Т. ісі	Борышкер Bereke Bank алдындағы 8 230 527 теңге көлеміндегі қарызын көрсеткен. Алайда	Апелляциялық саты	Бірінші саты сотының шешімі күшінде қалдырылды, апелляциялық шағым қанағаттандырылмады.	Аталған Заңның 3, 6, 36-баптары; ҚР АПК 302, 418, 424-427,

		өзге кредиторлар алдындағы міндеттемелерін арыз бергенге дейін өтеген, ал төлем қабілетсіздігі сотқа жеткілікті деңгейде дәлелденбеген.			431, 435, 436-баптары
4	Ч.О.В . ісі	Борышкердің жеке тұлғалар алдындағы берешегі 86 млн теңгеден астам болған. Жылжымайтын мүлкі болмаған, ал тіркелген мүлкі мен зейнетақы жинақтары берешекті өтеуге жеткіліксіз деп танылған. Қаржы басқарушысы борышкерді төлем қабілетсіз деп қорытындылаған.	Бірінші саты, сот банкроттығын қолдану туралы арыз	Арыз қанағаттандырылды. Борышкер банкрот деп танылып, оған қатысты сот банкроттығы рәсімі қолданылды.	Аталған Заңның 6, 24, 37-баптары; ҚР АПК 196, 223-226, 243-баптары
5	Н.М.Т ісі	Борышкердің жалпы берешегі 1,2 млрд теңгені құрайды. Активтері жоқ, бірақ 12 ай бойы заңда көзделген он екі ай қатарынан төлем жасамау шарты сақталмаған.	Апелляциялық саты	Арыз қанағаттандырылмады. Іс талап берілгенге дейінгі 12 ай ішінде (2023 жылғы шілде) салық төлемі (6479 теңге) тіркелді. Сот оны «төлем жасалынды деп санады», бұл 12 ай ішіндегі төлемсіздік шартын бұзады.	Аталған Заңның 6 баптары; ҚР АПК 270, 430, 431 баптары.

Ескерту. Көрсетілген сот істері сот тәжірибесін талдау негізінде жинақталған және құқық нормаларын қолдану ерекшеліктерін көрсету мақсатында ұсынылған.

Берілген кестеде, қарастырылған істердің бір бөлігінің мазмұны соттардың борышкерді банкрот деп тану мәселесіне сақтықпен қарайтынын көрсетеді. Соттар үшін басты өлшемнің бірі қарыздың бар болуы емес, борышкердің шын мәнінде тұрақты төлем қабілетсіз жағдайда екенінің дәлелденуі болып табылады. Егер өтініш беруші заңда көзделген талаптардың біріне де толық сәйкес келмесе, соттар банкроттық рәсімін қолданудан бас тартады. Бұл, әсіресе, борышкердің соңғы он екі ай ішінде міндеттемелер бойынша төлем жасаған жағдайларында анық байқалады. Өйткені мұндай жағдайда заңда көрсетілген үздіксіз төлемсіздік шарты бұзылады және сот борышкердің қаржылық жағдайын құқықтық мағынада банкроттыққа жеткілікті деп бағаламайды. Демек, кейбір істерде азаматтардың банкрот деп танылмай жатуының негізгі себебі олардың қарыздарының болмауында емес, заң талаптарының толық орындалмауында. Сонымен қатар сот тәжірибесі борышкердің төлем қабілетсіздігін дәлелдеуге қойылатын талаптардың жоғары екенін көрсетеді. Егер өтініш беруші қаржылық жағдайы туралы толық әрі сенімді мәлімет ұсынбаса, табысының жоқтығын не жеткіліксіздігін құжатпен растамаса немесе мүлктік ахуалы жөнінде толық мәлімет бермесе, соттар мұндай арыздарды қанағаттандыруға бейім емес. Кей жағдайларда борышкердің еңбекке қабілетті жаста болуы, жұмысқа орналасу мүмкіндігінің сақталуы немесе бұрын кейбір міндеттемелерін өтеген болуы оның толық дәрменсіз емес екенінің жанама белгісі ретінде қарастырылады. Бұл соттардың төлем қабілетсіздікті тек субъективті мәлімдеме емес, объективті дәлелденуге тиіс құқықтық факт ретінде түсінетінін білдіреді. Яғни азаматтың «қарызым көп» деуі жеткіліксіз, ол өзінің ұзақ мерзімді қаржылық дәрменсіздігін нақты материалдармен дәлелдеуі керек.

Банкрот деп танылған істерде керісінше жағдай байқалады. Мұндай жағдайларда борышкердің тұрақты табысы болмаған, ресми немесе нақты активтері қарызды өтеуге жетпеген, берешек едәуір көлемге жеткен және міндеттемелер ұзақ уақыт бойы орындалмаған. Қаржы басқарушысының қорытындысы мұнда шешуші мәнге ие болып отыр. Егер қаржы басқарушысы борышкердің төлем қабілетсіз екенін және оның жақын болашақта міндеттемелерді өтеу мүмкіндігі жоқ екенін қорытындыласа, сот бұл құжатты маңызды дәлел ретінде қабылдайды. Сондықтан тұтынушылық банкроттық істеріндегі негізгі тенденциялардың бірі ретінде қаржы басқарушысының рөлінің күшеюін атауға болады. Соттар көп жағдайда оның қорытындысын бүкіл істің өзегіне айналдырады.

Тағы бір байқалатын үрдіс – соттардың борышкердің адалдығы мәселесіне жанама түрде назар аударуы. Кредиторлар көптеген жағдайларда борышкер қасақана банкроттыққа ұмтылып отыр, міндеттемелерден жалтарғысы келеді немесе өз құқығын теріс пайдаланып отыр деген уәж айтады. Алайда соттар мұндай пікірлерді жорамал ретінде емес, нақты дәлелмен расталған жағдайда ғана есепке алады. Бұл құқық қолдану практикасында борышкердің адалдығы мен кредиторлардың мүддесі арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылыс бар екенін аңғартады. Соттар бір жағынан азаматтың шынайы дәрменсіздігін мойындауға дайын, екінші жағынан банкроттық рәсімін қарыздан жалтарудың формальды құралына айналдырмауға тырысады. Қарастырылған материалдардан апелляциялық сатылардың да көбіне бірінші саты соттарының қорытындыларын қолдап отырғаны байқалады. Бұл банкроттық туралы істер бойынша негізгі құқықтық өлшемдер соттарда біртіндеп орнығып келе жатқанын білдіреді. Әсіресе заңның төлемсіздік мерзіміне, берешек мөлшеріне, қаржылық жағдайды растауға және қаржы басқарушысының қорытындысына қатысты талаптары бірізді қолданыла бастаған. Мұның өзі Қазақстанда тұтынушылық банкроттық институты әлі даму кезеңінде болғанымен, оның практикалық шекаралары нақты айқындалып келе жатқанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, соттар бұл институтты кеңейтілген

әлеуметтік жеңілдік ретінде емес, дәлелдемелік және рәсімдік тәртібі қатаң сақталуға тиіс арнайы құқықтық режим ретінде қабылдап отыр.

Тұтынушылық банкроттыққа қатысты сот істерін талдау бұл институттың іс жүзінде қандай құқықтық тетіктер арқылы жүзеге асырылатынын айқындауға мүмкіндік береді. Қарастырылған материалдарда нақты мемлекеттік әлеуметтік немесе қаржылық бағдарламалардан гөрі, заңда белгіленген рәсімдердің басымдығы анық байқалады.

Осы тұрғыда, салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу кезінде әр мемлекеттің тұтынушылық банкроттықты реттеу үлгісін тек атауы бойынша емес, оның құқықтық логикасы, рәсімдік құрылымы және борышкер мен кредитор мүдделерінің арақатынасы бойынша бағалау жөн. Қазақстан Республикасының азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңы жаңа институт болғандықтан, оны шетелдік тәжірибемен салыстыру заңның артықшылықтары мен әлсіз тұстарын айқындауға мүмкіндік береді.

Кесте 3.

Тұтынушылық банкроттықты реттеудің шетелдік құқықтық тәжірибесі

№	Ел	Нормативтік-құқықтық акт	Мәні
1	Қазақстан	«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң. Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 178-VII ҚРЗ.	Қазақстандық модельдің базалық өзегін құрайды. Заңда соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері көзделген. Сондықтан өзге мемлекеттердің құқықтық шешімдерін осы үш өлшем арқылы салыстыру ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады.
2	Оңтүстік Корея	Debtor Rehabilitation and Bankruptcy Act	Бұл акт оңалту мен банкроттықты бір құқықтық жүйеде біріктіреді. Оның маңызы – қаржылық қиындыққа ұшыраған борышкерді мүмкіндігінше қалпына келтіру, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда мүлікті әділ бөлу қағидатына сүйенуінде. Қазақстандағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімімен мазмұндық ұқсастығы осы елді салыстыру үшін маңызды етеді.
3	Қытай	Regulations of Shenzhen Special Economic Zone on Personal Bankruptcy	Қытайда тұтынушылық банкроттық толық ұлттық үлгі ретінде емес, ең алдымен Шэньчжэнь деңгейіндегі пилоттық құқықтық механизм арқылы дамып келеді. Бұл актіде liquidation, restructuring және reconciliation рәсімдері бекітілген. Қазақстан үшін оның құндылығы – жаңа институтты кезең-

			кезеңімен және сынақ режимінде енгізудің құқықтық үлгісін көрсетуінде.
4	Ресей	Федеральный закон от 26.10.2002 № 127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)»	Ресей моделінде азаматтардың банкроттығы жалпы дәрменсіздік туралы заң аясында реттеледі. Бұл Қазақстан үшін маңызды, өйткені посткеңестік құқықтық жүйеде жеке тұлғаның банкроттығын арнайы институт ретінде қалыптастырудың жақын тәжірибесін береді. Сондай-ақ рәсімдік ұқсастықтар мен құқық қолдану мәселелерді салыстыруға мүмкіндік жасайды.
5	АҚШ	Title 11, United States Code (Bankruptcy Code), әсіресе Chapter 7 және Chapter 13	АҚШ құқығы тұтынушылық банкроттықтың ең ықпалды модельдерінің бірі саналады. Chapter 7 мүлікті тарату рәсіміне негізделсе, Chapter 13 тұрақты табысы бар борышкерге қарызын қайта құрылымдау жоспары бойынша өтеуге мүмкіндік береді. Бұл модель Қазақстандағы сот банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру институттарын салыстыру үшін теориялық және практикалық жағынан пайдалы.
6	Сингапур	Insolvency, Restructuring and Dissolution Act 2018 (IRDA) және Debt Repayment Scheme (DRS)	Сингапур құқығында борышкерді бірден банкрот деп танудан бұрын, оны қарызды өтеу жоспары арқылы сауықтыруға ұмтылыс байқалады. DRS борышкерге банкрот мәртебесін алмай-ақ кредиторлармен жоспарлы есеп айырысуға жағдай жасайды. Бұл тәсіл Қазақстандағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімімен салыстыру үшін ерекше маңызды.
7	Өзбекстан	Law of the Republic of Uzbekistan “On Insolvency” (2022)	Өзбекстан заңы дәрменсіздік мәселесін заңды тұлғаларға ғана емес, жеке тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге де қолданады. Бұл оны Қазақстанмен салыстыруды өзекті етеді, өйткені екі ел де заманауи insolvency framework қалыптастыру кезеңінен өтіп отыр. Мұндай салыстыру құқықтық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік береді.
8	Польша	Prawo upadłościowe (Bankruptcy Law)	Польша тәжірибесі тұтынушылық банкроттықтың бастапқы қатаң моделінен біртіндеп икемдірек жүйеге өткенін көрсетеді. Сондықтан ол Қазақстан үшін құқықтық либерализацияның артықшылықтары мен тәуекелдерін бағалау

			тұрғысынан маңызды. Сонымен қатар Польша үлгісі сот жүктемесі, борышкер адалдығы және рәсімге қолжетімділік мәселелерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді.
9	Германия	Insolvenzordnung (InsO)	Германия заңнамасы жеке тұлғаның банкроттығын жоғары деңгейде жүйелендірілген тәртіппен реттейді. InsO-да қалдық қарыздан босату институты, борышкердің міндеттері және тұтынушылық банкроттыққа арналған арнайы бөлімдер нақты айқындалған. Бұл модель Қазақстан үшін борышкерді қорғау мен құқықтық тәртіпті сақтаудың теңгерімін зерттеу тұрғысынан аса маңызды.

Ескерту. Автордың мемлекеттердің тұтынушылық банкроттық саласындағы заңнамалық актілеріне негізделген құрастыруы.

Осы кестеден көрсетілгендей, зерттеуге енгізілген мемлекеттер бір құқықтық топқа жатпайды, керісінше әрқайсысы борышкерді қорғау, кредитор мүддесін сақтау және рәсімдік бақылауды ұйымдастыру мәселелерін өзінше шешеді. Осыған байланысты Қазақстан заңын бағалау кезінде тек рәсім атауларына емес, кемінде мынадай өлшемдерге назар аудару орынды: рәсімдердің түрлері, соттың қатысу деңгейі, борышкердің адалдығын бағалау тәртібі, қалдық қарыздан босату шарттары, қайта құрылымдау мүмкіндігі.

Рамсай атап өткендей, АҚШ-та XIX ғасырдың аяғында басталған бұл процесс 2000 жылдарға қарай Еуропаны қамтыды және соңғы онжылдықта Азия мен посткеңестік кеңістікте белсенді түрде енгізілуде (Ramsay, 2017). Әр түрлі юрисдикцияларды салыстырмалы-құқықтық талдау бірнеше негізгі модельдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы мүдделер тепе-теңдігі мәселесін өзінше шешеді.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, АҚШ моделінің негізгі тұжырымдамасы болып табылатын “жаңа бастама” (fresh start) борышкердің толыққанды экономикалық белсенділікке қосу мақсатында міндеттемелерден босатылады (Nazarkulova, Bayandina, & Seifullina, 2025). АҚШ-тың банкроттықтың қолданыстағы моделін зерттеушілер активтерді жою және борышкерді оңалту тетіктерін біріктіретін модель ретінде сипаттайды. Бұл жүйенің орталық бөлігі “жаңа бастама” (Fresh Start) тұжырымдамасы болып табылады және борышкердің белсенді экономикалық өмірге оралуға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғалар үшін негізгі рәсімдер:

-7-тарау (ликвидация)-ең көп таралған рәсім, тұтынушылық банкроттық істерінің шамамен 70%-ында қолданылады. Бұл рәсімге сәйкес, борышкер заңмен қорғалмаған мүлкін қаржылық басқарушыға (trustee) береді. Ол мүлікті сатып, түскен қаражатты кредиторлар арасында бөледі. Оның орнына борышкер қарыздарының басым бөлігінен босатылады. Іс жүзінде 7-тарау бойынша істердің 95%-дан астамы «активсіз» (no-asset cases), себебі борышкердің мүлік мөлшері көбінесе заңмен белгіленген жеңілдіктер шегінен аспайды.

-13-тарау (реструктуризация)-тұрақты табысы бар адамдарға арналған. Бұл рәсім борышкерге (мысалы, ипотекасы бар үйін) сақтап қалуға мүмкіндік береді, бірақ ол 3-5 жыл ішінде сот бекіткен жоспарға сәйкес қарыздарын өтеуге міндеттеледі.

Алайда бұл рәсімдерге қолжетімділік “төлем қабілеттілігін тексеру” (means test) арқылы шектеледі. Бұл механизм теріс пайдалануды болдырмау үшін енгізілген: егер борышкердің табысы штаттағы орташа деңгейден жоғары болып, қарыздың бір бөлігін өтеуге мүмкіндік берсе, ол 7-тараудан 13-тарауға ауыстырылуы мүмкін. Chapter 7 және Chapter 13 рәсімдерінің дифференциациясы, сондай-ақ «means test» қолданылуы борышкерлерді төлем қабілетіне қарай бөлуді, төмен табыстылар үшін тарату рәсімін, ал табысы жеткілікті тұлғалар үшін қайта құрылымдауды қамтамасыз етеді, яғни бұл жүйені теріс пайдалануды шектеуге мүмкіндік береді (Calitz, 2022). Осыған қарағанда, Қазақстанда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінің алғышарттары заңда көрсетілгенімен, активтерді бағалау мен тұрақты табысты дәлелдеу талаптары оны іс жүзінде ең күрделі рәсімдердің біріне айналдырады (Nazarkulova, Bayandina, & Seifullina, 2025). Қазақстан Республикасында мұндай нақты саралау механизмі толық қалыптаспаған. Соның салдарынан төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі күрделі әрі қолжетімділігі төмен болып отыр. Осыған байланысты АҚШ тәжірибесіне ұқсас “means test” элементтерін енгізу орынды болар еді. Атап айтқанда, борышкердің нақты табысын, міндетті шығыстарын және мүліктік жағдайын кешенді бағалау арқылы оны соттан тыс банкроттық рәсіміне, не төлем төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсіміне бағыттау мүмкіндігін қарастыру қажет. Мұндай өзгерістер Қазақстандағы тұтынушылық банкроттық институтының тиімділігін арттыруына мүмкіндік береді.

Ал Германдық модельді қарастыратын болсақ, континенталдық құқықтық жүйеге жатады және борышкер мен кредиторлар арасында ымыраға келу мен бітімгершілікке қол жеткізуге бағытталған. Негізгі нормативтік акт - Insolvenzordnung (InsO), ол 1994 жылы қабылданып, 1999 жылы күшіне енді. Сотқа жүгінер алдында соттан тыс реттеудің міндетті кезеңі мен борышкердің адал мінез-құлық кезеңін (Wohilverhaltensphase) қамтиды, нәтижесінде қарыздан бостылу қарастырылады (Hirte&Vallender, 2019; Bork, 2020). Бұл тәсіл кредиторлардың мүдделерін қорғау мен борышкерге «екінші мүмкіндік» беру арасындағы тепеңдікті ұзақ мерзімді мінез-құлық арқылы қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан заңнамасындағы соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдері де борышкердің адалдық критерийлерін қамтиды, алайда олар көбіне формальды белгілер (мүліктің жоқтығы, төлемнің болмауының мерзімі) арқылы айқындалады және борышкердің ұзақ мерзімді экономикалық мінез-құлқын жүйелі бағалау тетігі жеткілікті дамымаған (Nazarkulova, Bayandina, & Seifullina, 2025). Джейсон Килборн (2005) еңбегінде борышкерлер гиперболалық дисконттаудан зардап шегетініні туралы айтылған. Яғни, гиперболалық дисконттау (hyperbolic discounting) индивидтердің қысқа мерзімді артықшылықтарды асыра бағалап, ал ұзақ мерзімді салдарларды жеткілікті деңгейде ескермеу үрдісін білдіреді. Мысалы, бес жылдық қайта құрылымдау жоспары жағдайында гиперболалық дисконттау әсері айқын көрінеді: уақыт өткен сайын борышкер болашақтағы толық қарызды өтеудің құндылығын төмен бағалап, төртінші жылға қарай оның төлем тәртібін сақтауға деген ынтасы әлсірейді. Нәтижесінде, ұзақ мерзімді қаржылық тәртіпті қамтамасыз ету қиынға соғады. Заңнаманы жетілдіру мақсатында аталған заңның 29-бабының 2 тармағын борышкердің төлем тәртібін ынталандыратын міндетті «мотивациялық қайтару» механизмімен толықтыру орынды. Бұл тетік гиперболалық дисконттау әсерін төмендетуге және ұзақ мерзімді төлем жоспарлары шеңберінде борышкердің мінез-құлқын тұрақтандыруға бағытталуы тиіс. Германия елінің тәжірибесіне ұқсас түрде, кезең-кезеңімен ынталандыру шкаласын енгізу ұсынылады. Төлем қабілеттілігін

қалпына келтіру жоспарының төртінші жылының соңында борышкерге оның төленген табысының 10%-ы, бесінші жылдың соңында 15%-ы, ал алтыншы жылдың соңында (қолданылған жағдайда) 20%-ы қайтарылады. Мұндай тәсіл борышкердің қысқа мерзімді ынталандыруларын күшейтіп, ұзақ мерзімді міндеттемелерді орындауға деген мүдделілігін арттырады, соның нәтижесінде процедураның сәтті аяқталу ықтималдығы едәуір жоғарылайды.

Ресейдегі тұтынушылық банкроттық институты 2015 жылдан бастап белсенді дамып келе жатқан салыстырмалы түрде жас құқықтық институт болып табылады және негізгі нормативтік-құқықтық акт "Төлем қабілетсіздігі (банкроттық) туралы" № 127-ФЗ Федералдық заңы болып табылады. Заңнамада азаматтардың қаржылық дәрменсіздігін танудың екі негізгі нысаны қарастырылған: сот және соттан тыс (жеңілдетілген) банкроттық рәсімдері. Сот арқылы банкроттық рәсімі қарыз сомасы 500 000 рубльден асатын жағдайларда қолданылады. Осы рәсім шеңберінде азаматтың қарыздарын қайта құрылымдау(реструктуризация) және оның мүлкін сату сияқты тетіктер қолданылады. Мұндай істердегі негізгі тұлға қаржы басқарушысы болып табылады-сот мүлікті түгендеу, бағалау және несие берушілермен есеп айырысу үшін тағайындалады. Соттан тыс банкроттық халықтың аз қамтылған топтары үшін рәсімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2020 жылдың 1 қыркүйегінде енгізілді. Бұл модельдің негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады: қарыз сомасы 50 000-нан 500 000 рубльге дейін болуы керек. Борышкерге қойылатын талаптардың бірі азаматтың күнкөріс деңгейінен жоғары құнды мүлкі мен тұрақты табысы болмауы керек. Алимент, өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша қарыздар, сондай-ақ борышкер өз өтінішінде көрсетпеген кредиторлардың талаптары есептен шығаруға жатпайды. Зерттеушілер Ресей банкроттық институтының қазіргі даму векторы несие берушілердің құқықтары мен борышкердің жауапкершілігін арттыруға бағытталғанын атап өтті (Львова,2021).

Польшадағы тұтынушылық банкроттық моделі 2009 жылы енгізілгеннен бері елеулі эволюциядан өтіп, шектеулі жүйеден Еуропадағы ең либералдық жүйелердің біріне айналды. Қазіргі заңнама "жаңа бастама" (Fresh Start) тұжырымдамасына бағытталған, мұнда басты мақсат-азаматты қарыздан босату, ал несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру екінші кезекке шығады. Модель аралас сипатта болып, борышкерге бағытталған оңалту элементтері мен мүлікті жою арқылы қайта құрылымдау мүмкіндіктерін біріктіреді. 2020 жылға дейін сот борышкердің төлем қабілетсіздігі үшін кінәсіз екенін тексеретін, ал кейінгі реформадан кейін банкроттыққа қол жеткізу ашық процедураға айналды: істі бастау үшін тек төлем қабілетсіздігі фактісі қажет, ал борышкердің адалдығы қарызды есептен шығару кезеңінде бағаланады. Поляк заңнамасы тұтынушылар үшін бірнеше жолды қарастырады. Жеңілдетілген тұтынушылық банкроттық 2020 жылы енгізіліп, судьяның қатысуынсыз тез рәсімдеуге мүмкіндік береді және көбіне активтері мен кірістері жоқ азаматтар үшін қолданылады. Дәстүрлі банкроттық күрделі жағдайларда, көп мүлік пен кредитор болғанда қолданылады. Борышкер рәсімде құқыққа ие, бірақ барлық қарыздар мен активтерді ашуға міндетті, ал ақпаратты әдейі жасыру қарызды есептен шығарудан бас тартуға әкелуі мүмкін. Жеңілдетілген процедурада басқарушы басты рөл атқарады: талаптарды тексереді, мүлікті сатады және төлем жоспарын дайындайды, ал сот соңғы шешімді қабылдайды. Стандартты төлем жоспары 3 жылға созылады, жосықсыз борышкерлер үшін 3–7 жылға дейін ұзартылуы мүмкін, еңбекке қабілетсіздер үшін төлем жоспарынсыз немесе 5 жылға шартты түрде есептен шығару қарастырылған. Қол жетімділік үшін ең төменгі сот бажысы 30 PLN белгіленген, ал борышкердің қаражаты жоқ жағдайда рәсім шығындарын мемлекет уақытша жабады (Maśnicka& Krucalak-Jankowska,2022).

2005 жылы бірнеше қолданыстағы актілерді біріктіретін Корея Республикасының "Борышкерлерді оңалту және банкроттық туралы" Заңы (DRBA) несие берушілердің құқықтарын қорғау мен борышкердің белсенді экономикалық өмірге тез оралуы арасындағы тепе-теңдікке бағытталған бірқатар ерекше ерекшеліктерге ие. Осы уақытқа дейін Кореяның дәстүрлі мәдениеті мен этикасы қарызды төлей алмауды ұят, тіпті қылмыс ретінде қарастырды және банкроттық жүйесін іс жүзінде қолданбады. Осыған орай кемсітушілікке қарсы ереже қалыптасқан, яғни ол адамдарды тек банкрот деп танылған жағдайда жұмыстан шығаруға немесе кемсітуге тыйым салады. Аталған заң жеке тұлғаларға арналған екі мамандандырылған процедураны қарастырады:

-Жеке банкроттық (Заңның 3-бөлігі): төлем қабілеттілігін толығымен жоғалтқандарға арналған. Ол мүлікті жоюды (заңмен қорғалғаннан басқа) және кейіннен қарыздарды есептен шығаруды қамтиды.

-Жеке оңалту (Заңның 4-бөлігі): бұл тұрақты табысы бар адамдар үшін жеңілдетілген және жеделдетілген процедура. Жалпы оңалтудан айырмашылығы (компаниялар немесе ірі борышкерлер үшін) мұнда несие берушілер жиналыстарын өткізу немесе олардың төлем жоспары бойынша дауыс беруі талап етілмейді, бұл уақыт пен қаражатты айтарлықтай үнемдейді.

Соңғы жылдардағы негізгі реформалардың бірі төлем жоспарының стандартты мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарту болды, бұл борышкерге қарыздан тезірек босатуға мүмкіндік береді. Дегенмен, "тарату құнына кепілдік беру" (distribution guarantee) принципі сақталуы үшін ерекше жағдайларда мерзім 5 жылға дейін ұзартылуы мүмкін. Заң борышкерді қосымша қорғауға бағытталған бірқатар кепілдіктерді көздейді: өтініш берілген сәттен бастап берешек сомасы ресми түрде бекітіледі, ал сыйақылар мен айыппұлдардың одан әрі есептелуі тоқтатылады. Аталған талаптарды сақтамау рәсімнің тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін. DRBA-ның маңызды ерекшеліктерінің бірі – борышкерге рәсім басталғанға дейін жасалған күмәнді мәмілелерге дау айту құқығының берілуі. Бұл көптеген елдердің тәжірибесінен ерекшеленеді, себебі өзге юрисдикцияларда мұндай өкілеттік, әдетте, тек қаржы басқарушысына тиесілі. Сонымен қатар, заң талап етілмеген қаражатты қорғауды қамтамасыз етеді: іс аяқталғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін сот орындаушыларының шоттарында қалған қаражат борышкерге қайтарылады, ал борышкерді анықтау мүмкін болмаған жағдайда бұл қаражат оның пайдасына сақталады. Қарыздарды өндіріп алу және төлем жоспарын айқындау кезінде ең төменгі күнкөріс деңгейін сақтау қағидаты да басшылыққа алынады. Бұл банкроттық рәсімі барысында борышкер мен оның отбасының негізгі өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге кепілдік береді (Kim, 2023).

Қытайдағы алғашқы жеке банкроттық режимі 2021 жылдың 1 наурызында Шэньчжэньде жұмыс істей бастады. Аталған модель Қытайдың ұлттық заңнамасының болашағы үшін үлгі ретінде қарастырылады. Заң мәтіні (law in books) қол жетімділік пен қарызды жеңілетуді уәде еткенімен, нақты іске асыру (law in action) несие берушілердің мүдделерін қорғауға айтарлықтай шектеулерді анықтады. Қытай моделіндегі қарыз ауыртпалығын жеңілетудің үш негізгі жолын қарастырады:

-Қарыздарды жою және босату (qingsuan 清算): бұл процедура борышкердің қолда бар активтерін сатуды, содан кейін үш жылдық "босату инспекциясы (discharge inspection)" кезеңін қамтиды. Бұл рәсім борышкердің барлық қол жетімді мүлкін сатуды көздейді, содан кейін үш жылдық бақылау кезеңі белгіленеді. Осы уақыт ішінде борышкер үй шаруашылығын ұстау үшін сот белгілеген ең төменгі деңгейден асатын барлық кірісті басқарушыға беруге міндетті.

-Қайта құру (chongzheng 重整): борышкер несие берушілерге бес жылға дейін бөліп төлеу жоспарын ұсынады. Жоспарды бекіту үшін дауыс беретін несие берушілердің көпшілігінің келісімі қажет.

- Бітімгершілік келісім (hejie 和解): борышкерлер үшін қарастырылған рәсімдердің бірі болып табылады, бірақ ол тек борышкер ресми жүйеге кіргеннен кейін ғана қолданылады. Сонымен қатар, қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Шэньчжэньдегі жүйе осы муниципалите тұратын барлық борышкерлерге ашық. Ол үшін кемінде үш жыл бойы әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жарна төлеген болуы керек және негізгі шарт ретінде борышкердің қарыздарын төлеу қабілетін жоғалтқаны расталуы тиіс. Қытай елінде заң тұтынушылар үшін де, кәсіпкерлер үшін де ресми түрде ашық болғанымен, іс жүзінде Шэньчжэнь соттары бизнестің құлдырауына байланысты істерге басымдық береді. Алғашқы екі жылда қабылданған өтініштердің басым көпшілігі іскерлік қарыздарға қатысты болды, ал тұтынушылық банкроттыққа қатысты істер жиі қабылданбады (Kilborn, 2024).

Өзбекстандағы жеке тұлғалардың банкроттық моделі 2023 жылдың 1 қаңтарда күшіне енген. Жаңа нормалар 14-тарау ретінде жаңартылған "Төлем қабілетсіздігі туралы" заңға біріктірілді. Процедураға өтініш беру үшін нақты шектер белгіленеді, онымен қоса борышкердің базалық есептік шаманың 200 еселенген мөлшерінен кем емес берешегі болуы керек және міндеттемелерді орындамау мерзімі кемінде үш ай болуы керек. Өзбек моделінің басты ерекшеліктерінің бірі - бюрократиялық жүктемені жеңілдету болып табылады. Сонымен қатар, Өзбекстанда кірістерді қорғаудың нақты ережесі бар. Борышкердің таза кірісінің 50% - ы алынудан қорғалған, бұл ең төменгі күнкөріс деңгейіне негізделген Ресейлік тәсілге қарағанда тиімсіз болуы мүмкін, өйткені табыстың қалған жартысы балалы отбасылар үшін өмір сүру деңгейінен төмен болуы мүмкін. Айта кету керек, қазіргі уақытта Өзбекстанда Ресейге ұқсас шағын қарыздар үшін жеңілдетілген соттан тыс банкроттық рәсімі жоқ, бұл халықтың кедей топтарының рәсіміне қол жеткізу үшін қаржылық кедергілер тудыруы мүмкін (Kilbron, 2023).

Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тұтынушылық банкроттықтың моделін терең талдау үшін банкроттық рәсіміне жіберудің алғышарттарын қарастырсақ. 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы № 178-VII ҚРЗ “Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы” заңның 5-ші бабының 1)-тармақшасында соттан тыс банкроттықтың негіздерін реттейді: 1. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын міндеттемелердің болуы және жиынтығында мынадай: 1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы; 2) кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы;...4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады. Көрші Ресей заңнамасымен салыстырғанда, соттан тыс банкроттықтың шегі 50-ден 500 мыңға дейінгі рубльмен белгіленеді, ол Қазақстан Республикасының заңнамасымен шамалас және икемдірек болып келеді. Алайда, міндетті шарт ретінде мүлік болмауын көрсетілуі көптеген өтініштердің қабылданбауына алып келеді, сәйкесінше борышкерлердің едәуір бөлінігінің мүлігін жасыруына алып келеді (Хакимов, 2023).

Төлем қабілеттерін қалпына келтірудің негізгі шарттарын анықтайтын заңның 6-шы бабының 1)-тармақшасында 1. Борышкерге тиесілі мүлік құнының оның барлық

міндеттемелерінің (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) мөлшерінен асып кету фактісі және (немесе) тұрақты кірісінің болуы сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіздер болып табылады. Бұл норма көптеген сарапшылар үшін іске асырылуы қиын банкроттық рәсімінің ең күрделі түрлерінің бірі ретінде банкроттық рәсімін іске асыру барысындағы іс қозғау сатысында активтердің құнын дәл бағалау өте қиын деп таниды (Nazarkulova, Bayandina, & Seifullina, 2025). Америка Құрама Штаттарының заңнамасының 7-тарауында көрсетілгендей "means test" процедураны іске асыруды жоққа шығару емес, борышкерлердің тиісінше қаржылық жағдайына қарай бөлуді қарастырады. Мысалы, қолында табысы төмен азаматтарды таратуға, ал төлем қабілеті жоғары болған борышкерлерді қайта ұйырдастыру туралы шешім қабылдайды. Бұл тәсіл бойынша жүйені теріс пайдалануды көздеген борышкерлердің алдын алады (Calitz, 2022).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңына сәйкес, соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану үшін өтініш берілген күнге дейін қатарынан он екі ай ішінде міндеттемелердің орындалмауы міндетті шарт ретінде белгіленген. Мұндай тәсіл борышкердің ағымдағы қаржылық жағдайын және оның болашақтағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін жеткілікті дәрежеде ескермейді. Дүниежүзілік банк атап өткендей, төлемге қабілетсіздік жүйесі тек өткен төлемдердің болмауын емес, сонымен қатар борышкердің нақты жағдайларын ескере отырып, оның болашақтағы қаржылық өміршеңдігін бағалауға тиіс. Осыған байланысты, ҚР Заңының 6-бабының 1-тармағын толықтыру арқылы 12 айлық күту мерзімінен ерекшелік енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, егер борышкер өзінің қаржылық күйреуінің айқын және қайтымсыз екенін объективті түрде дәлелдей алса, сотқа 12 ай мерзімнің аяқталуын күтпей-ақ рәсімді дереу бастау құқығын беру қажет. Осы санатқа келесі борышкерлер жатуы мүмкін:

- тұрақты еңбекке жарамсыздық немесе мүгедектік, яғни борышкер табыс табу мүмкіндігінен толық айырылған жағдайлар;

- шектеулі еңбек нарығында жұмысынан айырылу (мысалы, моноқалаларда), жалғыз ірі жұмыс беруші жабылған кезде;

- төтенше жеке жағдайлар, соның ішінде ауыр медициналық мәселелер немесе отбасылық апаттар, олар ғылыми әдебиетте (Kilborn) төлем қабілетсіздіктің негізгі сыртқы факторлары ретінде қарастырылады.

Дүниежүзілік банк деректері бойынша, көп жағдайда ұзақ күту салдарынан «төмен спираль» (downward spiral) құбылысын туындатады. Яғни, 12 айлық кезең ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қарыз көлемін айтарлықтай ұлғайтып, ал кредиторлар тарапынан өндіріп алу шаралары жалғаса береді. Нәтижесінде, борышкердің қаржылық жағдайы одан әрі нашарлап, оның экономикалық белсенділігі төмендейді.

Цифрлық активтерді идентификациялау мен цифрлық активтерді конкурстық массаға енгізілу процессі Австралия Одағында криптоактивтердің нормативті құқықтық реттелуінсіз жүзеге асады. Бұл процесс Bankruptcy Act 1966 заң аясында қаржылық басқарушының өкілеттігі негізінде жүзеге асады. Бақылау жүзінде жабық криптографиялық кілттерге және криптовалюта биржаларындағы есептік жазбаларға, соның ішінде цифрлық активтерге билік етуге мүмкіндік беретін өзге де құралдарға қолжетімділіктің болуымен айқындалады. Борышкердің цифрлық активтері туралы ақпаратты ашу, сондай-ақ оларды бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қолжетімділікті қаржылық басқарушыға беру міндетін көздейді. Аталған міндетті орындамау- борышкердің адал емес мінез-құлқы ретінде бағаланады және қарыздық міндеттемелерден босатудан бас тартуға, сондай-ақ процестік және қылмыстық-құқықтық

санкцияларды қолдануға әкеп соғады. Australian Financial Security Authority (AFSA) тәжірибесі жасырылған цифрлық активтерді анықтау мақсатында мәжбүрлеп қадағалау (tracing) тетіктері арқылы жүзеге асырылады, оған блокчейн-транзакцияларды талдау, банктік операцияларды қадағалау және цифрлық криминалистика әдістері кіреді (Odintsov&Gribanovskaya, 2025). Аталған заманауи құралдар арқылы ерікті түрде борышкер активтерін жарияламаған жағдайда да, борышкер мен цифрлық активтер арасындағы байланысты анықтайды. Ақпаратты ашатын тиімді рәсімдік құралдар болатын болса, аталған модель мемлекеттік құқықтық режимді қалыптастырмай ақ, криптоактивтерді конкурстық массаға тиімді қосуға болатынын көрсетеді. Осыған байланысты Австралия тәжірибесін Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабын жетілдіру ретінде салыстырмалы-құқықтық үлгі ретінде пайдалану орынды деп саналады. Сәйкесінше шетел тәжірибесі цифрлық активтерге қатысты «иелену» мен «бақылау» ұғымдарын ажыратуға қолданылады және жеке тұлғалардың банкроттығы рәсімдерінде мұндай активтерді анықтау тетіктерін енгізуге бағытталған қаржылық басқарушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу қажет.

Тұтынушылық банкроттық рәсінде борышкердің негізгі асырауындағы кәмелетке толмаған балалардың мүддесін қорғау маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы айқын түрде отбасы, ана, әке және баланың мемлекеттің қолдауында болатынын және білім алу мен денсаулықты қорғау құқығын бекітті. Алайда, заңның 38-бабында конкурстық массаға енгізілмейтін мүліктің жалпы тізімі ғана көрсетілген, борышкердің кәмелетке толмаған балаларының білім беру мен медициналық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған арнайы нормалар жоқ. Осының салдарынан банкроттыққа өтініш берген тұлғаның балаларының құқықтарының жанама түрде бұзылуын туындатады. Кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғаудың үлгісін қарастыру үшін Қытай және Еуропалық Одақ елдеріндегі тәжірибені қарастырайық. Қытай елінде минимум тіршілік деңгейі (basic living allowance) ұғымы бар, яғни ол тұрғын үй, білім беру және медициналық көмек беру сияқты негізгі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты сақтауға мүмкіндік береді. ЕО құқықтық кеңістігінде тұжырымдамасы борышкер мен оның отбасының, соның ішінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге қажетті шығындарды есепке алуға бағытталады. Яғни, балалардың мүдделері жеке элемент ретінде қарастырылады (Huang&Liu, 2025; Zhang&Ou, 2021). Осыған байланысты, Қазақстан заңнамасында да Конституцияда көрсетілгендей, қазіргі халықаралық үрдістерге сай келетіндей, баланың білім алу және денсаулығын қорғау құқығын іске асыру үшін объективті қажетті қаражатты конкурстық массадан тікелей алып тастау туралы норманы «Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңның 38-бабына енгізу ұсынылады.

Қорытынды

Осылайша, зерттеу Қазақстандағы тұтынушылық банкроттық институтының қажетті әрі уақтылы қабылданған құқықтық шешім болғанын көрсетті. Ол азаматтардың борыштық қысымын азайтуға нақты мүмкіндік берді және қысқа уақыт ішінде қоғамда кең сұранысқа ие болды. Сонымен бірге бұл институттың толыққанды жұмыс істеуі тек заңның болуына емес, оның қалай қолданылатынына тікелей байланысты екені анықталды. Қазіргі сот практикасы банкроттықты әлеуметтік жеңілдік ретінде емес, қатаң дәлелденуге тиіс құқықтық рәсім ретінде қабылдап отыр. Бұл бір жағынан кредиторлардың мүддесін қорғайды, екінші жағынан кейбір шынайы дәрменсіз борышкерлер үшін рәсімге қолжетімділікті қиындатуы мүмкін.

Сондықтан алдағы ғылыми ізденістердің негізгі бағыты банкроттық пен қаржылық сауықтыру арасындағы тепе теңдікті тереңірек зерделеуге арналуы тиіс. Болашақта төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінің неге әлсіз қолданылып отырғанын, қаржы басқарушылары қорытындыларының сапасына қандай факторлар әсер ететінін, сондай ақ сот практикасының өңірлік айырмашылықтарын арнайы зерттеу маңызды. Сонымен қатар борышкердің адалдығын бағалау өлшемдерін, аралас кредиторлық құрамдағы істердің ерекшелігін және әлеуметтік осал топтарға рәсімнің нақты әсерін зерттеу де өзекті болмақ. Осындай бағыттағы зерттеулер Қазақстандағы тұтынушылық банкроттық институтын тек статистикалық тұрғыдан емес, оның құқықтық және әлеуметтік тиімділігі тұрғысынан да терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- Bork, R. (2023). *Einführung in das Insolvenzrecht* (1st ed.). Mohr Siebeck. <https://doi.org/10.1628/978-3-16-162565-7> Соңғы қаралған күні: 20.04.2026
- Calitz, J. (2007). Developments in the United States' consumer bankruptcy law: A South African perspective. *Obiter*, 28(3), 397–417. <https://doi.org/10.17159/obiter.v28i3.13787> Соңғы қаралған күні: 20.03.2026
- Department of State Revenues of Almaty City. (2024, February 5). *Statistics on bankruptcy of individuals*. <https://almaty.kgd.gov.kz/en/node/141464> Соңғы қаралған күні: 19.03.2026
- Federal Ministry of Justice and Consumer Protection. (n.d.). *Insolvency Code (Insolvenzordnung – InsO)*. Gesetze im Internet. <https://www.gesetze-im-internet.de/insol/> Соңғы қаралған күні: 20.04.2026
- Hirte, H., & Vallender, H. (Eds.). (2019). *Insolvenzordnung: InsO - Kommentar* (15th ed.). Verlag Franz Vahlen. Соңғы қаралған күні: 20.04.2026
- Huang, C., & Liu, J. (2025). The status of children's rights and interests in China's personal bankruptcy laws. *SAGE Open*, 15(3), 1–20. <https://doi.org/10.1177/21582440251374488> Соңғы қаралған күні: 20.03.2026
- Insolvency and Creditor/Debtor Regimes Task Force. (2014). *Report on the treatment of the insolvency of natural persons* (World Bank Working Paper). World Bank. <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/18168> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Jackson, T. H. (1985). The fresh-start policy in bankruptcy law. *Harvard Law Review*, 98(7), 1393–1448. <https://doi.org/10.2307/1340952> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Kilborn, J. J. (2010). Behavioral economics, overindebtedness, and comparative consumer bankruptcy: Searching for causes and evaluating solutions. *Emory Bankruptcy Developments Journal*, 22. <https://doi.org/10.2139/ssrn.690826> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Kilborn, J. J. (2023a). (Not) following the leader in the newest personal insolvency laws in Uzbekistan and Kazakhstan. *Journal of International and Comparative Law*, 10, 243–266. <https://doi.org/10.2139/ssrn.4474439> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Kilborn, J. J. (2023b). Law in books versus law in action in the landmark Shenzhen, China, personal bankruptcy regime. *Emory Bankruptcy Developments Journal*, 40(1), 35–68. <https://doi.org/10.2139/ssrn.4518967> Соңғы қаралған күні: 10.03.2026

- Kim, H. (2023). Recent legislative trends and improvement directions of individual rehabilitation regime. *Korean Lawyers Association Journal*, 72(1), 512–545. <https://doi.org/10.17007/klaj.2023.72.1.01> Соңғы қаралған күні: 18.02.2026
- Korea Legislation Research Institute. (n.d.). *Debtor Rehabilitation and Bankruptcy Act*. Korean Law Information Center. https://elaw.klri.re.kr/eng_mobile/viewer.do?hseq=46315&type=new&key Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Maśnicka, M., & Krucalak-Jankowska, J. (2022). Evolution of consumer bankruptcy in Poland: A chance for a new life for insolvent debtors? *International Insolvency Review*, 31(2), 217–234. <https://doi.org/10.1002/iir.1457> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Nagel, F. (2024, October 12). *Consumer bankruptcy audits*. SSRN. <https://doi.org/10.2139/ssrn.4991384> Соңғы қаралған күні: 03.03.2026
- Nazarkulova, L. T., Bayandina, M. O., & Seifullina, A. B. (2025). Law on restoring solvency and bankruptcy of citizens of the Republic of Kazakhstan: Initial steps, problems and solutions. *Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan*, 80(2). https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_2_44 Соңғы қаралған күні: 18.04.2026
- Norberg, S. F. (2025). The Supreme Court and the discharge of debts in consumer bankruptcy cases. *American Bankruptcy Law Journal*, 99(2), 354–390.
- Odintsov, S., & Gribanovskaya, M. (2025). Digital assets in personal bankruptcy: Experience of the Commonwealth of Australia. *Law. Journal of the Higher School of Economics*, 18(3), 226–251. <https://doi.org/10.17323/2072-8166.2025.3.226.251> Соңғы қаралған күні: 10.03.2026
- Ramsay, I. (2017). Towards an international paradigm of personal insolvency law? A critical view. *QUT Law Review*, 17(1), 15–39. <https://doi.org/10.5204/qutlr.v17i1.713> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Republic of Uzbekistan. (2022, April 12). *On Insolvency (Law No. LRU-763)*. Lex UZ. <https://lex.uz/uz/docs/6352957> Соңғы қаралған күні: 18.04.2026
- Rzeczpospolita Polska. (2003, February 28). *Prawo upadłościowe*. Internetowy System Aktów Prawnych. <https://isap.sejm.gov.pl/isap.nsf/DocDetails.xsp?id=WDU20030600535> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Sarra, J. P., Madaus, S., & Mevorach, I. (2024). The greening of the insolvency system. *Canadian Business Law Journal*, 69(3), 231–287. <https://doi.org/10.2139/ssrn.5042510> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Seul, M. S. (2008). The comparative status of secured creditors in the bankruptcy procedure and its implication for financial transaction. *Korean Journal of Comparative Law*, 7(2), 385–415.
- Shenzhen Justice Bureau. (2022, September 19). *Regulations of Shenzhen Special Economic Zone on Personal Bankruptcy*. Justice Bureau of Shenzhen Municipality. https://sf.sz.gov.cn/ztl/yhyshj/yhyshjzcwjywyb/content/post_9483678.html Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Singapore. (2018). *Insolvency, Restructuring and Dissolution Act 2018*. Singapore Statutes Online. <https://sso.agc.gov.sg/Act/IRDA2018> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. (2025a, March 20). *Statistics on bankruptcy of individuals*. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/961496> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026

- State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. (2025b, March 30). *Statistics on bankruptcy of individuals*.
- Zhang, X., & Ou, F. (2021). Economic and legal necessity of personal bankruptcy legislation in China. *International Insolvency Review*, 30(3), 289–309. <https://doi.org/10.1002/iir.1415> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- United States. (n.d.). *Title 11—Bankruptcy*. United States Code. U.S. House of Representatives, United States Courts.
- Xie, P. (2021). *The introduction of personal bankruptcy law in China: A comparative analysis* [Doctoral dissertation, University of Kent]. <https://doi.org/10.22024/UniKent/01.02.90060> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Yestemirov, M. (2022, January 13). *Банкроттық құқық пәні бойынша практикум (Casebook by Insolvency Law)*. SSRN. <https://doi.org/10.2139/ssrn.4008340> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Yoo, K. (2006). An analysis of the personal bankruptcy decisions in Korea [in Korean]. *Economic Analysis (Quarterly)*, 12(3), 157–184.
- Естемиров, М. А. (2022). Банкроттық рәсімді құқықтық реттеудің жекелеген қырлары. *Право и государство*, 4(97), 54–68. https://doi.org/10.51634/2307-5201_2022_4_54 Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Естемиров, М. А. (2021). Сот практикасындағы бірізділік талабының сақталынбауы – қоғамның сот билігіне деген сеніміне жасалған елеулі соққы. *Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан*, 4(67), 54–60.
- Қазақстан Республикасының Заңы. (2022, 30 желтоқсан). *Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы* (№ 178-VII ҚРЗ). Әділет мемлекеттік құқықтық ақпарат жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z22000000178> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Королёв, В. В., & Чупрова, А. Ю. (2007). Особенности законодательства о банкротстве США и Великобритании: сравнительно-правовой аспект. *Бизнес в законе. Экономико-юридический журнал*, (1), 43–47. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-zakonodatelstva-o-bankrotstve-ssha-i-velikobritanii-sravnitelno-pravovoy-aspekt> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Львова, О. А. (2021). Российский институт банкротства в условиях его правовой трансформации. *Russian Journal of Economics and Law*, (2), 249–269. <http://dx.doi.org/10.21202/1993-047X.15.2021.2.249-269> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Меирбекова, Г. Б., Шаповалова, К. Ю., & Мысабай, А. (2025). Жеке тұлғалардың банкроттығы – Қазақстан құқығының жаңа институты. *Interdisciplinary Science Studies*, (9). <https://ojs.publisher.agency/index.php/ISS/article/view/6071> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Протопопова, О. В. (2019). Правовое регулирование финансовой системы Южной Кореи. *Проблемы экономики и юридической практики*, (3), 195–199. <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovoe-regulirovanie-finansovoy-sistemy-yuzhnoy-korei> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Российская Федерация. (2002, 26 октября). *Федеральный закон № 127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)»* <http://www.kremlin.ru/acts/bank/18779/page/1> Соңғы қаралған күні: 18.03.2026
- Сизимова, О. Б., Пчелкин, А. В., & Мамаков, А. М. (2018). Сравнительный анализ законодательства о банкротстве физических лиц России и США. *Журнал зарубежного*

законодательства и сравнительного правоведения, (5), 80–87. Соңғы қаралған күні: 18.03.2026

References

- Bork, R. (2023). *Einführung in das Insolvenzrecht* (1st ed.). Mohr Siebeck. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.1628/978-3-16-162565-7>
- Calitz, J. (2007). Developments in the United States' consumer bankruptcy law: A South African perspective. *Obiter*, 28(3), 397–417. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.17159/obiter.v28i3.13787>
- Department of State Revenues of Almaty City. (2024, February 5). *Statistics on bankruptcy of individuals*. Retrieved on April 18, 2026 from <https://almaty.kgd.gov.kz/en/node/141464>
- Yestemirov, M. A. (2021). Sot praktikasyndagy birizdilik talabynyn saqtalynbauy- qogamnyn sot biligine degen senimine jasalgan eleuli soqqi. *Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan*, 4(67), 54–60.
- Yestemirov, M. A. (2022a). Bankrottyk rasimdi quqyqtyq retteudin jekelengen qyrlary. *Law and State*, 4(97), 54–68. Retrieved on April 18, 2026 from https://doi.org/10.51634/2307-5201_2022_4_54
- Yestemirov, M. A. (2022b, January 13). *Casebook by Insolvency Law*. SSRN. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.4008340>
- Federal Ministry of Justice and Consumer Protection. (n.d.). *Insolvency Code (Insolvenzordnung – InsO)*. Gesetze im Internet. Retrieved on April 18, 2026 from <https://www.gesetze-im-internet.de/inso/>
- Hirte, H., & Vallender, H. (Eds.). (2019). *Insolvenzordnung: InsO - Kommentar* (15th ed.). Verlag Franz Vahlen.
- Huang, C., & Liu, J. (2025). The status of children's rights and interests in China's personal bankruptcy laws. *SAGE Open*, 15(3), 1–20. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.1177/21582440251374488>
- Insolvency and Creditor/Debtor Regimes Task Force. (2014). *Report on the treatment of the insolvency of natural persons* (World Bank Working Paper). World Bank. Retrieved on April 18, 2026 from <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/18168>
- Jackson, T. H. (1985). The fresh-start policy in bankruptcy law. *Harvard Law Review*, 98(7), 1393–1448. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2307/1340952>
- Kazakhstan, Republic of. (2022, December 30). Qazaqstan Respublikasy azamattarynyn tolem qabiletiligin qalpyna keltiru zhane bankrottygy turaly ((No. 178-VII). Adilet Legal Information System. Retrieved on April 18, 2026 from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z22000000178>
- Kilborn, J. J. (2010). Behavioral economics, overindebtedness, and comparative consumer bankruptcy: Searching for causes and evaluating solutions. *Emory Bankruptcy Developments Journal*, 22. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.690826>
- Kilborn, J. J. (2023a). (Not) following the leader in the newest personal insolvency laws in Uzbekistan and Kazakhstan. *Journal of International and Comparative Law*, 10, 243–266. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.4474439>

- Kilborn, J. J. (2023b). Law in books versus law in action in the landmark Shenzhen, China, personal bankruptcy regime. *Emory Bankruptcy Developments Journal*, 40(1), 35–68. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.4518967>
- Kim, H. (2023). Recent legislative trends and improvement directions of individual rehabilitation regime. *Korean Lawyers Association Journal*, 72(1), 512–545. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.17007/klaj.2023.72.1.01>
- Korea Legislation Research Institute. (n.d.). *Debtor Rehabilitation and Bankruptcy Act*. Korean Law Information Center. Retrieved on April 18, 2026 from https://elaw.klri.re.kr/eng_mobile/viewer.do?hseq=46315&type=new&key
- Korolyov, V. V., & Chuprova, A. Yu. (2007). Osobennosti zakonodatelstva o bankrotstve USA i Velikobritanii: sravnitelno-pravovoy aspekt. *Business in Law. Economic and Legal Journal*, (1), 43–47. Retrieved on April 18, 2026 from <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-zakonodatelstva-o-bankrotstve-ssha-i-velikobritanii-sravnitelno-pravovoy-aspekt>
- Lvova, O. A. (2021). Rossiyskiy institut bankrotstva v usloviyakh ego pravovoy transformatsii. *Russian Journal of Economics and Law*, (2), 249–269. Retrieved on April 18, 2026 from <http://dx.doi.org/10.21202/1993-047X.15.2021.2.249-269>
- Maśnicka, M., & Krucalak-Jankowska, J. (2022). Evolution of consumer bankruptcy in Poland: A chance for a new life for insolvent debtors? *International Insolvency Review*, 31(2), 217–234. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.1002/iir.1457>
- Meirbekova, G. B., Shapovalova, K. Yu., & Myssabay, A. (2025). Zheke tulǵaldyn bankrottyǵy – Qazaqstan quqygynyn zhana instituty. *Interdisciplinary Science Studies*, (9). Retrieved on April 18, 2026 from <https://ojs.publisher.agency/index.php/ISS/article/view/6071>
- Nagel, F. (2024, October 12). *Consumer bankruptcy audits*. SSRN. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.4991384>
- Nazarkulova, L. T., Bayandina, M. O., & Seifullina, A. B. (2025). Azamattardyn tolem qabiletiligin qalpyna keltiru zhane bankrottyq turaly Qazaqstan Respublikasynyn Zany: bastapqy qadamdar, maseleleri zhane sheshimder. *Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan*, 80(2). Retrieved on April 18, 2026 from https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_2_44
- Norberg, S. F. (2025). The Supreme Court and the discharge of debts in consumer bankruptcy cases. *American Bankruptcy Law Journal*, 99(2), 354–390.
- Odintsov, S., & Gribanovskaya, M. (2025). Digital assets in personal bankruptcy: Experience of the Commonwealth of Australia. *Law. Journal of the Higher School of Economics*, 18(3), 226–251. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.17323/2072-8166.2025.3.226.251>
- Protopopova, O. V. (2019). Pravovoe regulirovanie finansovoy sistemy Yuzhnoy Korei. *Problems of Economics and Legal Practice*, (3), 195–199. Retrieved on April 18, 2026 from <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovoe-regulirovanie-finansovoy-sistemy-yuzhnoy-korei>
- Ramsay, I. (2017). Towards an international paradigm of personal insolvency law? A critical view. *QUT Law Review*, 17(1), 15–39. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.5204/qutlr.v17i1.713>
- Republic of Uzbekistan. (2022, April 12). *On Insolvency (Law No. LRU-763)*. Lex UZ. Retrieved on April 18, 2026 from <https://lex.uz/uz/docs/6352957>
- Russian Federation. (2002, October 26). *Federal Law No. 127-FZ "On Insolvency (Bankruptcy)"*. Retrieved on April 18, 2026 from <http://www.kremlin.ru/acts/bank/18779/page/1>

- Rzeczpospolita Polska. (2003, February 28). *Prawo upadłościowe*. Internetowy System Aktów Prawnych. Retrieved on April 18, 2026 from <https://isap.sejm.gov.pl/isap.nsf/DocDetails.xsp?id=WDU20030600535>
- Sarra, J. P., Madaus, S., & Mevorach, I. (2024). The greening of the insolvency system. *Canadian Business Law Journal*, 69(3), 231–287. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.2139/ssrn.5042510>
- Seul, M. S. (2008). The comparative status of secured creditors in the bankruptcy procedure and its implication for financial transaction. *Korean Journal of Comparative Law*, 7(2), 385–415.
- Shenzhen Justice Bureau. (2022, September 19). *Regulations of Shenzhen Special Economic Zone on Personal Bankruptcy*. Justice Bureau of Shenzhen Municipality. Retrieved on April 18, 2026 from https://sf.sz.gov.cn/ztzl/yhyshj/yhyshjzcwjywyb/content/post_9483678.html
- Singapore. (2018). *Insolvency, Restructuring and Dissolution Act 2018*. Singapore Statutes Online. Retrieved on April 18, 2026 from <https://sso.agc.gov.sg/Act/IRDA2018>
- Sizemova, O. B., Pchelkin, A. V., & Mamakov, A. M. (2018). Sravnitelnyy analiz zakonodatelstva o bankrotstve fizicheskikh lits Rossii i SShA. *Journal of Foreign Legislation and Comparative Law*, (5), 80–87.
- State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. (2025a, March 20). *Statistics on bankruptcy of individuals*. Retrieved on April 18, 2026 from <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/961496> qaralghan kun:18.04.2026
- State Revenue Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan. (2025b, March 30). *Statistics on bankruptcy of individuals*. Retrieved on April 18, 2026 from <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/1008603>
- United States. (n.d.). *Title 11—Bankruptcy*. United States Code. U.S. House of Representatives, United States Courts.
- Khakimov, R. R. (2023). Institut vnesudebnogo bankrotstva fizicheskikh lits v Kazakhstane, Rossii, SShA: sravnitelnyy analiz. In Z. Kh. Baymoldina (Ed.), Aktualnye voprosy sovershenstvovaniya zakonodatelstva i pravoprimeritelnoj praktiki: Sbornik materialov VII ezhegodnoj nauchno-prakticheskoy konferentsii magistrantov i doktorantov (pp. 230–235). Akademiya Pravosudiya.
- Xie, P. (2021). *The introduction of personal bankruptcy law in China: A comparative analysis* [Doctoral dissertation, University of Kent]. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.22024/UniKent/01.02.90060>
- Yoo, K. (2006). An analysis of the personal bankruptcy decisions in Korea [in Korean]. *Economic Analysis (Quarterly)*, 12(3), 157–184.
- Zhang, X., & Ou, F. (2021). Economic and legal necessity of personal bankruptcy legislation in China. *International Insolvency Review*, 30(3), 289–309. Retrieved on April 18, 2026 from <https://doi.org/10.1002/iir.1415>

IRSTI: 10.23.47

A Comparative Legal Analysis of Global Consumer Bankruptcy Models and the Practice of the Republic of Kazakhstan

Kamila Turganova^{1*}¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan*e-mail: 251401003@sdu.edu.kz

Abstract

This article examines the formation of the consumer bankruptcy institution in the Republic of Kazakhstan and its law enforcement practice from a comparative legal perspective. The study draws on open statistical data for 2023–2025, judicial acts related to consumer bankruptcy, and foreign legal models. The author argues that the bankruptcy institution in Kazakhstan is in high demand, yet the procedures of judicial bankruptcy and solvency restoration do not function with equal effectiveness in practice. The analysis of court cases demonstrates that the key criterion for declaring an individual bankrupt is not merely the amount of debt, but the proof of the debtor's actual and persistent insolvency. At the same time, it was found that the opinion of the financial manager has become one of the decisive pieces of evidence in such cases. Based on the comparison with international practice, several important directions for Kazakhstan were identified. These include strengthening restructuring procedures, standardizing the work of financial managers, applying formal legal requirements in connection with the debtor's real financial condition, and improving procedures in a gradual manner. The findings show that a mixed model is needed in order to make the consumer bankruptcy institution socially fair, legally stable, and practically effective.

Key words: Republic of Kazakhstan, consumer bankruptcy, restoration of solvency, judicial practice, comparative legal analysis, financial manager.

МРНТИ: 10.23.47

Сравнительно-правовой анализ мировых моделей потребительского банкротства и опыта Республики Казахстан

Камила Турганова^{1*}¹SDU University, Каскелен, Казахстан*email: 251401003@sdu.edu.kz

Аннотация

В данной статье в сравнительно-правовом аспекте анализируются становление института потребительского банкротства в Республике Казахстан и практика его правоприменения. В ходе исследования были рассмотрены открытые статистические данные за 2023–2025 годы, судебные акты по делам о потребительском банкротстве, а также зарубежные правовые модели. Автор обосновывает, что институт банкротства в Казахстане пользуется высоким спросом, однако процедуры судебного банкротства и восстановления платежеспособности на практике функционируют не одинаково эффективно. Анализ судебных дел показал, что основным критерием для принятия решения о признании гражданина банкротом является не размер долга как таковой, а доказанность реальной и устойчивой неплатежеспособности должника. Вместе с тем установлено, что заключение финансового

управляющего становится одним из решающих доказательств по делу. В результате сопоставления с международной практикой были определены несколько значимых направлений для Казахстана. К ним относятся усиление процедуры реструктуризации, унификация деятельности финансовых управляющих, применение формальных требований в увязке с реальным финансовым положением должника, а также поэтапное совершенствование процедур. Результаты исследования показывают, что для обеспечения социальной справедливости, правовой устойчивости и практической эффективности института потребительского банкротства необходима смешанная модель.

Ключевые слова: Республика Казахстан, потребительское банкротство, восстановление платежеспособности, судебная практика, сравнительно-правовой анализ, финансовый управляющий.

Келіп түсті: 28 сәуір, 2026